



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Алмас", "Еңбек-Гранит" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының конкурстық массасының айрықша шарттары және оны сату тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1288 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Алмас", "Еңбек-Гранит" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының ауыр қаржы-экономикалық жағдайына байланысты түзеу мекемелерінің тыныс-тіршілігі мәселелерін реттеу және сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру мақсатында және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек-Алмас", "Еңбек-Гранит" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының (бұдан әрі - кәсіпорындар) банкроттығына бастамашылық жасасын.

2. Сот кәсіпорындарды банкрот деп тану туралы шешім шығарған және конкурстық іс жүргізуді қозғаған жағдайда:

- 1) кәсіпорындардың әрқайсысының мүліктік кешенін бірыңғай лоттармен сатуды;
- 2) бірыңғай лоттардың әрқайсысын сатудың ең төменгі бағасын, әкімшілік шығыстар сомасынан, бірінші, екінші және төртінші кезектегі кредит берушілердің талаптары сомасынан төмен емес етіп белгілеуді көздейтін олардың конкурстық массасының айрықша шарттары және оны сату тәртібі белгіленсін.

3. Бірыңғай лоттарды сатып алушыларға мыналарды көздейтін қосымша талаптар белгіленсін:

1) сатып алушылардың:

технологиялық циклдің үздіксіздігін және қызмет бейінін сақтауды қамтамасыз ету жөнінде;

өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алынған мүлікті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің (бұдан әрі - мекемелер) аумағында пайдалану жөнінде;

мекемелерде сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер қабылдауы;

2) сатып алушыда қылмыстық атқару жүйесінде өндірістік қызметті жүзеге асыру және мекемелердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алушылардың сатып алу-сату шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК